**Техникалық және кәсіптік білімнің педагогикалық мамандықтары бойынша кәсіби стандарттары бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 373 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 16 қазанда № 8819 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 15.12.2022 № 500 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 2007 жылғы 15 мамырдағы 138-5-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Бастауыш білім беру" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру кәсіптікстандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру кәсіптік білім беру стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Дене тәрбиесі және спорт" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру кәсіптік стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Негізгі орта білім" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік беру кәсіптік стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Кәсіптік білім беру" (салалар бойынша ) мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік беру кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Қ.Қ. Бөрібеков):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі М.Ә. Әбеновке жүктелсін.

4. осы бұйрықты алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің
міндетін атқарушы М. Орынханов

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
____________ Т. Дүйсенова
2013 жылғы "__"__________

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі міндетін
атқарушының 2013 жылғы 13
қыркүйектегі
№ 373 бұйрығымен бекітілді

**"Бастауыш білім беру" мамандығы бойынша**
**техникалық және кәсіптік білім беру кәсіби стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. Кәсіби стандарт:

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге арналған.

2. Кәсіби стандарт негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері;

2) облыстық білім басқармасының, қалалық, аудандық білім бөлімдерінің, білім жетілдіру орталығы, білім мекемелерінің басшылары, мекеме персоналын басқару құрылымдарының басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлеуші мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттар негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулар, профессиограмма, білім саласындағы ұйымдардың корпоративтік стандарттары, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары әзірленеді.

4. Осы кәсіби стандартты төмендегі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек функцияларының стандартты еместігі, жауапкершілігі мен өзбетінділігі параметрлерімен жіктелетін жұмысшылардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар жиыны.

3) еңбек заттары – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында жұмысшының әрекеттері бағытталған заттар;

4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде жұмысшының қолданатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үрдісінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысқан әрекеттер жиыны;

7) кәсіби қызметтің саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарт – кәсіби іс-әрекеттің нақты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) кәсіби стандарт бірлігі – кәсіби стандарттың еңбек қызметінің нақты түрі бойынша маңызды, қатысымды дербес, аяқталған, бүтін нақты еңбек функциясының толық сипаттамасының құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы теориялық білім мен арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын практикалық білік, жұмыс тәжірибесі кешенін меңгеруді қажет ететін еңбек қызметі түрі;

11) құзыреттілік – білім, білік және тәжірибені еңбек қызметінде пайдалану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушы-әкімшілік иерархия жүйесіндегі функционалды орын;

13) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асырумен және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ мекемелер мен ұйымдардың жиыны;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығындағы танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

5. Бұл кәсіптік стандартта келесі қысқартулар қолданылады:

КҚ – кәсіби қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

БТБА – ҚР жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтағышы;

ҚР МКЖ - 01-2005-Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші;

ҮБС – педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары;

КДДБББ - кәсіптік даярлығының деңгейін бағалау және мамандығы бойынша біліктілікті беру;

М - міндеттер;

Қ – қызметтер.

## 2. Кәсіби стандарт паспорты

6. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): Бастауыш білім беру.

7. Экономикалық қызметтің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: адамның тұлғалық және кәсіби әлеуетінің ашылуына жағдай жасау.

Кәсіби стандарт "Бастауыш білім беру" кәсіби облысындағы білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігі мен құзыреттілігі, еңбек шарты, сапасы, мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейді.

8. Еңбек қызметі, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері осы кәсіби стандарттың 1-қосымшасында берілген.

## 3. Еңбек қызмет түрлерінің карточкалары(кәсіп)

Кәсіп атауы: мұғалім.

9. ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі -5.

10. Лауазымның мүмкін атаулары: бастауыш білім беру мұғалімі, информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі, шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі, өзін-өзі тану мұғалімі.

11. Бастауыш білім берудің кәсіптері субъектілерді құзыретті тұлғаның рухани, интеллектуалдық және дене мүмкіндіктерін ашуға, денсаулық сақтау, ақпараттық-оқыту ортасын әзірлеуге, өз білімін жетілдіруі мен өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға міндеттейді.

Педагог жоспарлау құжаттарын, оқу-әдістемелік кешен, көрнекі құралдар әзірлеу, мектеп, оқушы мен мұғалім құжаттарын рәсімдеу, техникалық оқыту құралдары мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тағы басқалары оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырушылық, техникалық және әдістемелік жағдайларын туғызады.

Оқу орнының ата-аналармен қарым-қатынасына,рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, қазақстандық патриоттық тәрбие беруге, креативті ойлауды дамыту мәселелеріне, әдістемелік, педагогикалық және басқарушылық кәсіпқойлыққа, тұлғалық-кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

12. Мұғалімінің еңбек шарттары, білімі және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

13. Кәсіптің еңбек функциялары тізімі осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

14. Кәсіби стандарттың бірліктері мен мұғалімнің орындайтын еңбек функцияларын сипаттайтын функциональдық карта осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

15. Мұғалімнің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

Бастауыш білім беру
кәсіби стандартына
1-қосымша

## 1. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

| № р/с | Қызмет түрі атауы | Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы | ҚР МЖ 01-2005 сай кәсіптер атауы | ҰБШ біліктілік деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Педагогикалық қызмет | Санат жоқ мұғалім ( 5.5) | Мұғалім ( математика, орыс тілі және әдебиеті, басқа пәндер) | 5 |
| 2. | | Екінші санатты мұғалім (5.4) | | 5 |
| 3. | | Бірінші санатты мұғалім (5.3) | | 5 |
| 4. | | Жоғарғы санатты мұғалім (5.2) | | 5 |

Бастауыш білім беру
кәсіби стандартына
2-қосымша

## 1. Қолданыстағы нормативтік құжаттар мен байланыс

| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ) | |
|---|---|
| Базалық топ | 3310 Бастауыш білім берудің педагогикалық қызметкерлері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (ҮБС) | | | | |
| ҰБШ сәйкес біліктілік деңгейі | Санаттар | | | |
| 5 | жоғарғы | бірінші | екінші | санаты жоқ |

## 2. Еңбек шарттары, білімі және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым) | Меншік нысандарына қарамастан білім беру мекемелерінің барлық түрлері (бастауыш мектептер, орта мектептер, лицейлер, гимназиялар) . | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Тұрақты жұмыс кестесі, мөлшерлі жұмыс күні 18 сағат, 1,5 жүктемеге дейін рұқсат етіледі. | |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | ҚР заңнамаларына сай (бастауыш білім берудің мұғалімі дипломы, СТБ сертификаты және медициналық кітапшасының болуы). | |
| ҰБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 5 | Санаты жоқ орта буын маманы: техникалық және кәсіптік, ( арнаулы орта, кәсіптік орта) білім | - |
| 5 | Екінші санатты орта буын маманы : техникалық және кәсіптік, ( арнаулы орта, кәсіптік орта) білім | 3 жылдан кем емес |
| 5 | Бірінші санатты орта буын маманы: техникалық және кәсіптік , (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім | 4 жылдан кем емес |
| 5 | Жоғары санатты орта буын маманы: техникалық және кәсіптік , (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім | 5 жылдан кем емес |

## 3-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек қызметінің атауы<br>(кәсіби стандартының бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Оқушылардың тұлғалық әлеуетін диагностикалау. |
| Ф 2 | Тұлғаны қалыптастыру моделін әзірлеу. |
| Ф 3 | Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағдайларды жобалау. |
| Ф 4 | Оқушылардың оқу қызметінің моделін әзірлеу. |
| Ф 5 | Оқушылардың тұлғалық және кәсіптік әлеуетін ( сапасын) ашуға арналған жағдай орнату. |
| Ф 6 | Өзіндік іс–әрекетті түзету және рефлексиялау. |
| Ф 7 | Оқыту сапасының мониторингін жүргізу. |

## 4-кесте.Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралы | Міндеттер (еңбек әрекеттерінің сипаттамасы) |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | Себеп, қажеттіліктер, сезім (эмоциялар), қызығушылықтар, сезінулер, түйсік, қабылдау, жады, ойлау, сөйлеу, ерік, қабілеттер. Мінез.Оқушының дене, психологиялық, рухани, интеллектуалдық дамуы. | Сауалнамалар, тест тапсырмалары, сұрау парағы. | М 1.1 Оқушының тұлғалық әлеуетін диагностикалау әдістерін зерттеу. |
| | | | М 1.2 Оқушының тұлғалық әлеуетін диагностикалауды өткізу. |
| | | | М 1.3 Диагностика нәтижелерін жүзеге асыру. |
| | | | М 1.4 Тұлға моделін қалыптастыруда диагностика нәтижелерін пайдалану. |
| Ф 2 | Ұтқырлықты, икемділікті , кері әсерлерге қарсы тұру, ашық ақпараттық қоғам жағдайына тез бейімделетін қабілетті дамыту. | Модель әзірлеу бойынша жұмыс жоспары. Рухани-адамгершілік орта. Тұлғаны қалыптастыру моделі. | М 2.1 Бейімделуге жағдай жасау, ұжым қалыптастыру, білімге, мемлекеттік тілді құрметтеуге, көптілділікке тарту, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. |
| | | | М 2.2 Ұлттық сана-сезім қалыптастыру, эстетикалық қызығушылығы мен көркемдік талғамын дамыту. |
| | | | М 2.3 Оқушыларды рухани-адамгершілік құндылықтарға тарту. |
| | | | М 2.4 Көшбасшының, өз елінің патриоттарының тұлғалық сапаларын дамыту. |
| Ф 3 | Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағдайлар. Денсаулық сақтау ортасы . | Оқу-әдістемелік қамту. Оқытудың техникалық құралдары. Жабдықталған мультимедиялық кабинеттер, лабораториялар, спорт залдар. Кітапхана, электронды оқу залы. | М 3.1 Әлеуметтік қорғау, бейімделу, оқушылар мен мұғалімдердің денсаулығын сақтау. |
| | | | М 3.2 Оқу-тәрбие үрдісін материалдық-техникалық қамту. |
| | | | М 3.3. Педагогикалық үрдісті әдістемелік қамту. |
| | | | М 3.4. Басқару, біріге басқару және өзін-өзі басқару жүйесін әзірлеу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ф 4 | Педагогикалық үрдістің мазмұнын, педагогикалық құралдарды, технологияларды, педагогикалық қызметті ұйымдастырудың түрлері мен тәсілдерін білу. | Педагогикалық қызметтің мазмұны. Педагогикалық үрдістің барысын және нәтижесін болжау әдістемесі. Оқушы мен мұғалім қызметінің жоспары. Педагогикалық қызметті ұйымдастыру моделі. | М 4.1 Педагогикалық қызметтің нақты мақсаты мен міндеттерін қою.Соңғы нәтижені болжау. |
| | | | М 4.2 Оқу ақпаратының мазмұнын болжау, оқу ақпаратының мазмұнын іріктеу және құрастыру. |
| | | | М 4.3. Нәтижеге бағытталған сабақтарды, сыныптан тыс шараларды моделдеу. |
| | | | М 4.3 Шығармашылық тапсырмалар, жаттығулар , жобалар орындауға оқушыларды жұмылдыру . |
| Ф 5 | Оқушының тұлғалық-кәсіптік әлеуетін (сапасы) ашу. | Ақпараттық-оқыту ортасы. Оқу құжаттары, электрондық оқулықтар. Электрондық қорлар, Техникалық оқыту құралдары. Интерактивтік қарым-қатынас. | М 5.1 Ақпараттық-оқыту алаңын әзірлеу |
| | | | М 5.2 Оқу ақпаратын модульдеу |
| | | | М 5.3 Ақпараттық – оқыту ортасын құрастыру |
| | | | М 5.3 Интерактивті қарым-қатынас жобалау. |
| Ф 6 | Өз қызметінің рефлексиясы және түзету . Ояту, жеке мотивация, адамның сыртқы проблемасын ішкі проблемасына айналдыру . | Өзара бірлескен іздеу режимі. Талдау мен өзіндік талдау сызбасы. Рефлексия нәтижелері. Қызметті түзету. | М 6.1 Адамның өзіндік талдау, ұғыну, түйсіну қабілеттерін дамыту. |
| | | | М 6.2 Рефлексивтелетін қызметтің тиімділігін, өнімділігін зерттеу. |
| | | | М 6.3 Рефлексия нәтижелерін анықтау және тұжырымдау. |
| | | | М 6.4 Педагогикалық қызметке өзгерістер енгізу. |
| Ф 7 | Оқу сапасының мониторингін өткізу. Қызметті бақылау, бағалау, талдау. | Сауалнама жүргізу, бірлескен рефлексия. Ішкі және сыртқы бақылау. Электрондық бақылаушы бағдарламалар. | М 7.1 Мұғалімнің мониторинг жүргізуге дайындығы. |
| | | | М 7.2 Критерийлер мен көрсеткіштерді анықтау |
| | | | М 7.3 Педагогикалық қызметті талдау және бағалау. |
| | | | М 7.4 Педагогикалық менеджменттің таңдалған әдістері, функциялары мен формаларының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | рефлексия. Білім алушының портфолиосы. | нәтижелілігі. Оқушылар, ата-аналар, қоғам көзқарасындағы оқу орнының, мұғалімнің имиджі. |

## 5.5 мұғалімнің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| М 1.1 | Оқушылардың тұлғалық сапаларын басшылықпен зерттеуге арналған диагностиканы өзбетімен жоспарлау және оны өткізуге жауапкершілікті қарастыратын оқу-тәрбие үрдісіндегі басқару қызметі. | Тұлғалық сапаларды зерттеуде диагностиканың тиімді әдістерін таңдау. Әр оқушының тәрбиелілік деңгейін,психологиялық ерекшеліктерін зерттеу. | Оқушылардың тұлғалық сапалары. Диагностиканы өткізу құралдары мен әдістемесі . Оқушылардың жас және жеке ерекшеліктері. Зерттеу өткізу әдістері мен формалары. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктері: кіші мектеп жасындағы оқушылардың есі, ойлауы, зейіні, қиялдарының ерекшеліктері. |
| М 2.1 | Бейімделуге, оқушылар ұжымын қалыптастыруға , мемлекеттік тілді білуге және құрметтеуге, көптілділікке, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге жағдай жасауды қарастыратын тәрбие үрдісіндегі басқару қызметі. | Оқу-тәрбие үрдісінің барлық субъектілерімен қарым-қатынаста педагогикалық этикетті сақтау, педагогикалық такт көрсету. Оқушылардың әлеуметтік картасын құрастыру.Оқушылар ұжымын құру және бір-бірімен қарым-қатынаста сенімділік атмосферасын орнату. | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Кіші мектеп жасындағы балалардың психологиясы. Оқушылардың әлеуметтік картасы. Бастауыш мектеп түлегінің моделі. Мінез-құлық мәдениеті. |
| М 3.1 | Әлеуметтік қорғауды, бейімделуді, оқушылар мен педагогтардың денсаулығын сақтауды қарастыратын педагогикалық үрдістегі басқару қызметі. | Жетім, әлеуметтік деңгейі төмен отбасынан балаларды материалдық қорғау. Оқушыларды тамақтандыру, дәрігерлік көмекпен қамтамасыз ету . Салауатты өмір салты мәдениетінің нормаларын , техника қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық-гигиеналық нормаларды, безендіруге қойылатын эстетикалық | Педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың ерекшіліктері. Денсаулықты сақтау ортасын құрастыру. Санитарлық-гигиеналық талаптар. Нормативтік құжаттар. Қазақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | талаптарды сақтау. Оқушыларды жеке басының гигиенасы және салауатты өмір салты негіздерін меңгеруіне үйрету. | салт-дәстүрі мен мәдениеті. |
| М 4.1 | Педагогикалық қызметтің мақсаты мен міндеттерін анықтау, педагогикалық қызмет пен оның нәтижесін болжауға жауапкершілікті қарастыратын педагогикалық үрдіс шеңберіндегі басқару қызметі. | Мұғалімнің кәсіби міндеттері туралы түсінігінің болуы. Оқыту мен дамудың мақсаттарын анықтау арқылы стандартты және қарапайым біртектес практикалық тапсырмаларды шешу. Мақсат пен міндеттерді тұжырымдау. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сабақ жоспарлары, дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар әзірлеу. Балалардан күтілетін ұнамды құндылықтарды, ұстанымды, тәртіптілікті көрсету. Педагогикалық қызметтің күтілетін нәтижесін болжау. | Педагогикалық қызметті ұйымдастыру бойынша тәжірибелік-бағдарланған, кәсіби білім. Оқу қызметін жоспарлау және ұйымдастыру. Оқыту және дамыту және үрдісті ұйымдастыру түрлері, тәсілдері мен құрылымы. Күнтізбелік – тақырыптық жоспар құрылымы. |
| М 5.1 | Ақпараттық – оқыту алаңын әзірлеуді қарастыратын педагогикалық үрдіс шеңберіндегі басқару қызметі. | Оқу ақпаратын болжау тәсілдерін меңгеру. Педагогикалық мақсатқа жету үшін оқу ақпараты мазмұнын іріктеу, ойлауды дамыту. Өз әрекеті мен оқушы әрекетінің тізбектілігін құру білігі. Электрондық-оқыту ортасында жұмыс жасау тәсілдерін меңгеру. Бастауыш мектепте оқытылатын пәндерді оқыту әдістемесін, мұғалім мен оқушы портфолиосын жинақтау тәсілдерін меңгеру. | Педагогикалық қызметті ұйымдастыру құрылымы, түрі, тәсілдері. Білім алушылардың әртүрлі контингентінің ерекшеліктері. Игеру үрдісіндегі оң мотивацияны ынталандыру. Педагогикалық қарым-қатынас. Бастауыш сынып пәндерін оқыту әдістемесі. |
| | Өз қызметін жоспарлау, қоршаған ортамен пәндік-әлеуметтік қарым-қатынасын өзіндік | Қызмет тәсілдерін қалыптастыруды меңгеру. Сыртқы мәселелерді ішкі мәселеге ауыстыру, нақты сапалар мен қабілеттерін айқындау. | Рефлексияны ұйымдастыру кезеңдері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 6.1 | талдау, түсіну, түйсінуді қарастыратын оқу үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Барлық оқушылардың оқуға қосқан үлесін бағалау, қажет жағдайда сабақты, сыныптан тыс жұмыс әдістерін жоспарлауға өзгерістер енгізу. | Рефлексия-субъектінің ішкі психикалық актілері мен күйлерін сезіну үрдісі. |
| М 7.1 | Мониторинг өткізуге мұғалімнің дайындық деңгейін қарастыратын педагогикалық үрдіс шеңберіндегі басқару қызметі. | Білім сапасын диагностикалау, пелагогикалық талдау тәсілдерін меңгеру. | Педагогикалық диагностика теориясы, әдістемесі мен технологиясы, мониторинг өткізу. |

## 5.4 мұғалімнің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 1.2 | Оқушының тұлғалық әлеуетін диагностикалауды қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Ұжым мен тұлғаны психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың нақты әдістемесін қолдану. | Оқушының дамуының жеке траекториясы. Оқушының белсенділігін зерттеуді диагностикалық қамту. Тұлғаның психикалық қасиеттері: темперамент, мінез. |
| М 2.2 | Ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, көркем талғамы мен эстетикалық қызығушылығын дамытуды қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Сыни ойлауды қалыптастыру, көшбасшылық сапаларды, қарым-қатынас, төзімділікті, креативтілікті, жинақылықты қалыптастыру. Тәрбие шараларын ұйымдастыру мен өткізу тәсілдерін меңгеру. | Жалпыадамзаттық құндылықтар. Тәрбие жұмысының әдістемесі. Тәрбие және сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру. |
| М 3.2 | Оқу-тәрбие үрдісін материалдық-техникалық қамтуды қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Оқу-әдістемелік кешеннің, картотеканың, дидактикалық, оқытудың техникалық және басқа да құралдарының болуы мен білім стандартына, кабинеттің бейініне сәйкестігі."Мектеп және жанұя" ортақ үйінде баланың дербестігін дамыту, жайлы өмір сүруіне жағдай жасау. Баламен, әріптестерімен, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату. | Оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері. Қауіпсіздік ережелері, санитарлық-гигиеналық нормалар. Өрт қауіпсіздігі. Баланың даралығын дамытуға жағдай жасау. |
| | | Оқу ақпаратын болжау тәсілдерін меңгеру. Педагогикалық мақсатқа | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 4.2 | Оқу ақпаратының мазмұнын болжау, оқу ақпаратының мазмұнын іріктеу мен құрастыруды қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | жету үшін оқу ақпаратының мазмұнын іріктеу, ойлауды дамыту. Оқушы әрекеті мен өз әрекетінің тізбектілігін құру білігі. Оқушыларды оқу, жазу, санау, оқу әрекеті, тәртіп пен сөйлеу мәдениетін меңгеруге дайындау. Ақпаратты кесте мен график, мәтін, иллюстрация, презентация түрінде беру және жұмыстану. Белсенді оқыту әдістері мен формаларын пайдалану. | Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар. Бастауыш мектепте оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын болжау мен құрастыру. Оқушы мен мұғалімнің педагогикалық қарым-қатынасы. Білім мазмұны, педагогикалық құралдар, технологиялар. Оқу ақпаратының көздерін іріктеу, игеру үрдісінде оң мотивацияға ынталандыру. |
| М 5.2 | Оқу ақпаратын модульдеуді қарастыратын оқу үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Оқу ақпараты көздерін іріктеу. Оқу ақпаратын талдау, логикалық құрылымдау, алгоритмдеу тәсілдерін меңгеру. Модуль, гипермәтін, көпдеңгейлі тапсырма мен тест тапсырмаларын құру. Оқу мақсаты мен нәтижесіне жету үшін оқушыларды жаңа білім, білік пен түсіністіктерді қабылдау мен қолдануға тарту. | Оқыту үрдісінің психологиялық мәні. Оқыту үрдісінің педагогикалық заңдылықтары. Пән бойынша білімі. Оқитын пәні бойынша ғылыми-әдістемелік білімі. |
| М 6.2 | Әрекет ауысуын, ойлау әрекетінен дене әрекетіне ауысу, қызметтің тиімді тәсілдерін таңдау. Орындалған әрекеттердің тізбектілігін қалпына келтіру мәселелерін қарастыратын оқу үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Бірлескен ізденіс режимін ұйымдастыру. Оқушыларды мақсатын анықтау, мақсат қоя білу мен өз білімін жетілдіруге, жеке мотивацияға, оянуға үйрету. | Рефлексия – оқушының оқуының жетістіктерін анықтау, қызмет тәсілдерін сезіну. |
| М 7.2 | Критерийлер мен көрсеткіштерді анықтауды қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Әр түрлі формадағы тексерістер жүргізу: фронталдық, топтық, жеке, аралас және оқушылардың өзін-өзі қадағалау.Білім сапасының тәуелсіз бағалауын өткізу.Оқытудың тиімділігін бағалау әдісін қолдану, оқушылардың | Педагогикалық диагностиканың теориясы мен әдістемесі, оқыту сапасын мониторингі, дамуын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ілгерлеушілік мониторингісін және олардың жетістік деңгейін көтеру. | жүргізу. Бақылау формалары. |

## 5.3 мұғалімнің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

| | | | |
|---|---|---|---|
| З 1.3 | Диагностика нәтижесін жүзеге асыруды қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Педагогикалық қызметті ұйымдастыруда диагностика нәтижесін пайдалану. | Диагностика нәтижесін пайдалануда тәжірибеге бағытталған, кәсіби білім . |
| З 2.3 | Оқушыларды рухани-адамгершілік құндылықтарға тартуды қарастыратын тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Рухани-адамгершілік орта құру.Рухани-адамгершілік құндылықтар мен тәртіп нормалары тәсілін игеру. | Рухани - адамгершілік құндылықтар мен тәртіп нормалары. Этнопедагогика. |
| З 3.3 | Педагогикалық үрдісті әдістememен қамсыздандыру мәселелерін қарастыратын педагогикалық үрдіс шеңберіндегі басқару қызметі. | Әдістемелік шараларға қатысу. Ашық сабақтар өткізу. Әдістемелік бірлестік, шығармашылдық топтар жұмысын басқару, озық тәжірибе тарату, өз білімін жетілдіру.Сабақта жаңа технологияларды, бастауыш сынып пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешенді қолдану. | Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру. Әістемелік ұсынымдар дайындау. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу-әдістемелік кешен дайындауға және қолдануға қойылатын әдістемелік талаптар. Топпен жұмыс, өзара қатынас принципы. |
| З 4.3 | Нәтижеге бағытталған сабақтарды, сыныптан тыс шараларды моделдеуді қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес құзыреттіліктерге бағытталған сабақ жоспарлары мен конспектілер құрастыру. Сабаққа презентациялық көрнекілік құралдар дайындау. Оқытуда құзыреттілік тәсілімен сабақтар мен сыныптан тыс шаралар моделдеу, өткізу.Сыныптың журналын, пәндік үйірме жұмыстарын жүргізу. | Сабаққа қойылатын қазіргі талаптар. Сабақтың құрылымы, түрі және типі. Оқыту әдістерінің жіктеу. Оқытудың инновациялық технологиялары. Бастауыш сынып оқушыларының ой қызметін қалыптастырудағы әдістемелік тәсілдер. |
| З 5.3 | Ақпараттық-оқыту ортаны құрастыруды | Оқу ақпаратын іздеу, сараптау және өңдеу тәсілдерін игеру. Ақпараттық-оқыту ортаны құрастыру біліктілігі, күтілетін нәтижені болжау. Пәндік білім саласында | Қазіргі ақпараттық ресурстар. Оқуға арналған әр түрлі бағдарламалық құралдар. Ақпаратты жинақтау, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қарастыратын оқу үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | ақпараттық-коммуникациялық технология, бұқаралық ақпарат құралдары, әдебиеттерді қолдану. | сараптау және жүйелеу әдістері. |
| З 6.3 | Рефлексия нәтижесін тұжырымдау және проблеманы анықтау, шешу тәсілдерін игеру | Алдағы жұмыстың мақсатын анықтау, алынған нәтижені тұжырымдау. | Рефлексия нәтижесі, алдағы жұмыстың мақсатын анықтау. |
| З 7.3 | Педагогикалық қызметті бағалау мен сараптауды қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Оқу материалын меңгеру кезінде оқушылардың қызметін сараптау мен бағалау. Оқушылардың оқу үлгерімін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы сараптау.Білім алушылардың білім сапасы нәтижесіне жауапкершілігі. Өзін-өзі бағалаудан педагогикалық бағалауға көшу біліктілігі. | Білім сапасының критерийлері мен көрсеткіштері. Оқыту нәтижесіне берілетін педагогикалық сараптама технологиялары. Педагогикалық бағалау түрлері, педагогикалық қызметте баға мен бағалаудың маңызы. |

## 5.2 мұғалімнің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 1.4 | Өзбетімен оқушылардың жеке траекториясын құрастыру және диагностика нәтижелерін пайдалануға жауапкершілігін қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Тұлға мен ұжымның психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың нақты әдістемесін қолдану. | Диагностика өткізу әдістемесі. Оқушы дамуының жеке траекториясы. Оқушының белсенділігін зерттеуді диагностикалық қамту. |
| М 2.4 | Көшбасшының тұлғалық сапасын, өз еліне патриоттық сезімдерін өзбетімен дамытуға жауапкершілікті қарастыратын тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Сыни ойлауды қалыптастыру, көшбасшылық сапаларды , қарым-қатынас, төзімділікті, креативтілікті, жинақылықты дамыту. | Көшбасшылық мектебі. Көшбасшылық сапаларды дамыту. Рухани-адамгершілік тәрбиесі. Патриоттық тәрбие. |
| М 3.4 | Басқару, біріге басқару және өзін-өзі басқаруды дамытуды қарастыратын | Білім алушылар, ата-аналар қажеттіліктерін қанағаттандыру, іс-әрекетті үйлестіру, тиімді нәтижеге қол жеткізу. Өзін-өзі басқару мен бірлесе басқаруды дамыту. Оқушылардың жетістіктері мен | Басқарудың негізгі әлеуметтік функциясы. Еңбек функциясы. Басқару, ұйымдастырушылық, әлеуметтік-тұрмыстық функция. Басқару, біріге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | педагогикалық үрдіс шеңберіндегі басқару қызметі. | ілгерушіліктеріне байланысты тұрақты, конструктивті кері байланысты қамтамасыз ету. | басқару, оқу нәтижелерін өлшеу, бақылау және бағалау. |
| М 4.4 | Оқушыларды шығармашылық тапсырмалар, жаттығулар мен жобаларды орындауға өзбетімен жұмылдыруға жауапкершілікті қарастыратын педагогикалық үрдіс шеңберіндегі басқару қызметі. | Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар, жобалар, рефераттар әзірлеу тәсілдерін меңгеру. Оқушылардың жұмысын белсендіру. Білім алушылардың қызметі мен тәртібін реттеу. Бастауыш мектепте пәндерді оқыту әдістемелерін өзбетімен әзірлеу. | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Оқушылардың жобалау жұмысын ұйымдастыру. Оқу ақпараты көздерін іріктеу, игеру үрдісінде оң мотивацияға ынталандыру. |
| М 5.4 | Өзбетімен интерактивті қарым-қатынасты жобалау жауапкершілігін, шығармашылық қарым-қатынастың жаңа формаларына ұмтылысты қарастыратын педагогикалық үрдіс шеңберіндегі басқару қызметі. | Оқыту әдістерін дифференциациялау, әдістемелік тәсілдердің суретін құру, қашықтықтан қарым-қатынас тәсілдерін жобалау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың функционалды мүмкіндіктерін жүзеге асыру тәсілдерін меңгеру. Интерактивті қарым-қатынасты жобалау. Белсенді оқыту формалары мен әдістерін пайдалану. | Интерактивті қарым-қатынас әдістерін жобалау. Оқушыға педагогикалық әсер ету әдістері. Интерактивті қарым-қатынасқа қызығушылық. |
| М 6.4 | Жағдаятты бақылау және бағалау, өз мақсатына сәйкес түзетулер енгізу. | Келесі әрекеттерге өзгерістер енгізу. | Келесі әрекеттерді түзету. |
| М 7.4 | Таңдалған педагогикалық менеджмент әдістері, функциялары мен формаларының нәтижелілігін өзбетімен талдауды қарастыратын педагогикалық үрдіс шеңберіндегі басқару қызметі. | Оқу орнының нарық сұранысы мен қажеттілігіне, нақты тұтынушының сұранысына бағытталуы. Имидж, үнемі оқу сапасын арттыру ұмтылу, өзбетілділік, сұранысқа сай мақсат пен бағдарламаларды түзету, қызметтің соңғы нәтижесін анықтау. | Педагогикалық пенеджмент әдістері, функциясы, формалары. Оқу орны, педагогтың имиджін анықтау критерийлері. Рейтинг картасы. |

5. Кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

6. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

Орал гуманитарлық-техникалық колледжі

7. Келісім парағы

| Мекеме атауы | Келісім уақытты |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі | |
| Орал қаласының № 17 жалпы орта білім беретін мектебі | |
| Орал қаласының № 6 жалпы орта білім беретін мектебі | |
| М.Б. Ыхсанов атындағы № 36 орта жалпы білім беретін мектебі | |

8. Кәсіби стандартты сараптау және тіркеу

Кәсіби стандарт тіркелді ________________________________________

___________________________________________________________________

Кәсіби стандарттар Реестріне енгізілді, тіркеу № ______________

Хат (хаттама) № __________________ Мерзімі ____________________

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі міндетін
атқарушының 2013 жылғы 13
қыркүйектегі
№ 373 бұйрығымен бекітілді

**"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру кәсіби стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. Кәсіби стандарт:

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге арналған.

2. Кәсіби стандарт негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері;

2) облыстық білім басқармасының, қалалық, аудандық білім бөлімдерінің, білім жетілдіру орталығы, білім мекемелерінің басшылары, мекеме персоналын басқару құрылымдарының басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлеуші мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттар негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулар, профессиограмма, білім саласындағы ұйымдардың корпоративтік стандарттары, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары әзірленеді.

4. Осы кәсіби стандартты төмендегі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек функцияларының стандартты еместігі, жауапкершілігі мен өзбетінділігі параметрлерімен жіктелетін жұмысшылардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар жиыны;

3) еңбек заттары – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында жұмысшының әрекеттері бағытталған заттар;

4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде жұмысшының қолданатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үрдісінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысқан әрекеттер жиыны;

7) кәсіби қызметтің саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарт – кәсіби іс-әрекеттің нақты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) кәсіби стандарт бірлігі – кәсіби стандарттың еңбек қызметінің нақты түрі бойынша маңызды, қатысымды дербес, аяқталған, бүтін нақты еңбек функциясының толық сипаттамасының құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы теориялық білім мен арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын практикалық білік, жұмыс тәжірибесі кешенін меңгеруді қажет ететін еңбек қызметі түрі;

11) құзыреттілік – білім, білік және тәжірибені еңбек қызметінде пайдалану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушы-әкімшілік иерархия жүйесіндегі функционалды орын;

13) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асырумен және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ мекемелер мен ұйымдардың жиыны;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығындағы танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

5. Кәсіби стандартта келесі қысқартылған ұғымдары берілген:

КҚ – кәсіби қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

БТБА – ҚР жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтағышы;

ҚР МКЖ - 01-2005-Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші;

ҮБС – педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары;

КДДБББ -кәсіптік даярлығының деңгейін бағалау және мамандығы бойынша біліктілікті беру;

М - міндеттер;

Қ – қызметтер.

**2. Кәсіби стандарт паспорты**

6. Кәсіби қызмет саласы "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту".

7. Кәсіби қызмет саласының негізгі мақсаты: адамның тұлғалық және кәсіби әлеуетінің ашылуына жағдай жасау.

Кәсіби стандарт "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" кәсіби облысындағы білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігі мен құзыреттілігі, еңбек шарты, сапасы, мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейді.

8. Стандарт талаптары қызмет түрлері мен берілген саланың мынадай кәсіптеріне арналады: тәрбиешінің көмекшісі, тәрбиеші.

**3. Еңбек қызмет түрлерінің карточкалары(кәсіп)**

1) Мамандық атауы: тәрбиешінің көмекшісі.

9. ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі –3.

10. Лауазымның мүмкін болатын атаулары: тәрбиешінің көмекшісі, бала күтуші, гувернант.

11. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың барлық аталған кәсіптері субъектілерді құзыретті тұлғаның рухани, интеллектуалдық және дене мүмкіндіктерін ашуға, денсаулық сақтау, ақпараттық-оқыту ортасын әзірлеуге, өз білімін жетілдіруі мен өзін дамытуына қолайлы жағдай жасауға міндеттейді.

Жұмыс жасаудағы нормативті құжаттармен байланысы кәсіби стандартқа қатысты № 2-қосымшада белгіленген.

12. Тәрбиеші көмекшісінің жұмыс жасау шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар кәсіби стандартқа қатысты № 2-қосымшада белгіленген.

13. Кәсіби стандарттың бірлік тізімі кәсіби стандартқа қатысты № 2-қосымшада белгіленген.

14. Тәрбиешінің көмекшісі жүзеге асыратын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірліктерін сипаттайтын, функционалды карта № 2-қосымшада белгіленген.

15. Тәрбиеші көмекшісінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар № 2-қосымшада белгіленген.

2) Мамандық атауы: тәрбиеші.

16. ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі –4,5.

17. Лауазымның мүмкін болатын атаулары: тәрбиеші, мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі.

13. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың барлық аталған кәсіптері субъектілерді құзыретті тұлғаның рухани, интеллектуалдық және дене мүмкіндіктерін ашуға, денсаулық сақтау, ақпараттық-оқыту ортасын әзірлеуге, өз білімін жетілдіруі мен өзін дамытуына қолайлы жағдай жасауға міндеттейді.

Тәрбиеші жоспарлау құжаттарын, оқу-әдістемелік кешен, көрнекі құралдар әзірлеу, мектеп алды даярлық, мектепке дейінгі мекемелер, шағын орта, тәрбиеленуші мен тәрбиеші құжаттарын рәсімдеу, техникалық оқыту құралдары мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тағы басқалары оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырушылық, техникалық және әдістемелік жағдайларын туғызады.

Оқу орны, ата-аналармен қарым-қатынасқа, рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге, креативті ойлауды дамыту мәселелеріне, әдістемелік, педагогикалық және басқарушылық кәсіпқойлыққа, тұлғалық-кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді.

14. Тәрбиешінің жұмыс жасау шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар кәсіби стандартқа қатысты № 3-қосымшада белгіленген.

15. Кәсіби стандарттың бірлік тізімі кәсіби стандартқа қатысты № 3-қосымшада белгіленген.

16. Тәрбиешінің жүзеге асыратын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірліктерін сипаттайтын, функционалды карта № 3-қосымшада белгіленген.

17. Тәрбиешінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар № 3-қосымшада белгіленген.

"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту"
мамандығы бойынша техникалық
және кәсіптік білім беру кәсіби
стандартына 1-қосымша

## 1-кесте. Қызмет түрлері,кәсіптер, біліктілік деңгейлері

| № | Іс-әрекет түрінің атауы | Еңбек нарықтығындағы өзгерістерге қарай мамандық атауы | ГК РК 01- 2005 сәйкес мамандық атауы | ҰБШбіліктілік деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ұйымдастырушылық - көмекші іс-әрекет | Тәрбиешінің көмекшісі | Тәрбиешінің көмекшісі, бала күтуші, гувернант | 3 |
| 2. | Педагогикалық іс-әрекет. | Санатсыз тәрбиешісі (4.1) | Тәрбиеші, мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі | 4 |
| 3. | | II санатты тәрбиеші (5.4) | | 5 |
| 4. | | I санатты тәрбиеші(5.3) | | 5 |
| 5. | | Жоғары санатты тәрбиешісі (5.2) | | 5 |

"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту"
мамандығы бойынша техникалық
және кәсіптік білім беру кәсіби
стандартына 2-қосымша

## 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ ҚР) | | | | |
| Базалық топ | 5131 Балаларды күтетін қызметкерлер | | | |
| Педагогикалық және оларға теңестірілген қызметкер лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары( ТБС) | | | | |
| ҰБШ сәйкес біліктілік деңгейі | Санаттар | | | |
| 3 | | | | санаты жоқ |

## 2-кесте.Еңбек шарттары, білімі және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкіндігі бар жұмыс орындары (мекеме, ұйымдар) | Меншік нысандарына қарамастан мектепке дейінгі мекемелердің барлық түрлері (мемлекеттік, жекеменшік, шағын-орталықтар) |
| Зиянды және өмірге қауіпті еңбек шарттары | Тұрақты жұмыс кестесі, мөлшерлі жұмыс күні 18 сағат, 1,5 жүктемеге дейін рұқсат етіледі |

| | | |
|---|---|---|
| Жұмысқа рұқсат берудегі ерекше шарттары | ҚР заңнамаларына сай (мектепке дейінгі тәрбие және оқыту маманы дипломының болуы, КДДБББ сертификаты, дәрігерлік кітапша) | |
| ҰБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 3 | Техникалық және кәсіптік білімнің біліктілікте қол жеткізілген деңгейі | - |

## 3-кесте.Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек қызметінің атауы (кәсіби стандартының бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық әлеуетін диагностикалау |
| Ф 2 | Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағдайларды жобалау |
| Ф 3 | Баланың жеке және тұлғалық (сапа) әлеуетін ашуға жағдай жасау |
| Ф 4 | Ұйымдастырушы-қосымша қызметке өзгерістер енгізу |

## 4-кесте.Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралы | Міндеттер (еңбек әрекеттерінің сипаттамасы) |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | Тұлғалық бағытталуы: ынта-жігері, қажеттілігі, қызығушылығы, сезімі. Мүмкіндіктері: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, ерік, қабілет. Стиль, өзін-өзі ұстаудың психологиялық ерекшеліктері: мінез, еңбекке көзқарасы, балаларға сүйіспеншілігі. Дене, психикалық, рухани, интеллектуалдық дамуы. | Сауалнамалар, тест тапсырмалары, сұрау парағы. Рефлексия, мәселелік жағдаяттар, әлеуметтік сұраулар, тестілеу. | М 1.1 Баланың тұлғалық әлеуетін диагностикалау әдістерін зерттеу. |
| | | | М 1.2 Диагностикалау әдістерін жүзеге асыру |
| | | | М 1.3 Тәрбиеші көмекшісінің педагогикалық қызметке дайындығын диагностикалау |
| Ф 2 | Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағдайлар. Денсаулық сақтау ортасы | Денсаулық сақтау, ойын, дамыту орталары, балалар жиһаздары мен жабдықтары, ойыншықтар, әдістемелік құралдар, балалар тамағы , таза ауада серуендеу, бос уақыт, балалар бөлмесіндегі тазалық пен тәртіп, педиатрдың кеңесі, ата-аналар тілектері. Саздық | М 2.1 Бала мен тәрбиеші көмекшісінің денсаулығын сақтау, әлеуметтік қорғау, бейімделу. |
| | | | М 2.2 Оқу-тәрбие үрдісін материалдық-техникалық қамту. Тәрбиеші көмекшісі мен баланың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | аспаптар. Спорт зал, спорттық құрал-саймандар. | кәсіби қажеттілігін қанағаттандыру. |
| Ф 3 | Баланың тұлғалық-кәсіптік әлеуетін (сапасы) ашу. Мектепке дейінгі ұйымдардың барлық типтерінде, үйде баланы тәрбиелеу және дамыту | Ұйымдастырушылық - қосалқы қызмет. Оқу-әдістемелік құжаттар , оқу-әдістемелік кешен, технологиялық карталар. | М 3.1 Тұлға қабілеттерін дамытудың тиімді жағдайларын жасау<br>М 3.2 Тапсырмалар, жаттығулар орындауға балаларды жұмылдыру |
| 5 | Жоғары санатты орта буын жаттықтырушысы: Олимпиада, Параолимпиада, Сурдолимпиада ойындарында жеке, командалық нөмерлерде спорттың бағдарлама бойынша түрлерінен немесе спорт ойындарының түрлерінен 1-6 орындар иеленген бір спортсменді даярлау; Азиада ойындарында 1-3 орын иеленген бір спортсменді даярлау, республиканың жасөспірімдер құрама командасына бес спортсменді даярлау; немесе елдің құрама командасында кем дегенде үш жыл, мемлекеттік, аға жаттықтырушы болып қызмет атқаруы; немесе ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс дене тәрбиесі мен спорт саласында республикалық немесе облыстық мекемеде кем дегенде үш жыл. | 10 жылдан кем емес |

## 3-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек қызметінің атауы (кәсіби стандартының бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Білім алушылардың тұлғалық әлеуетін диагностикалау |
| Ф 2 | Тұлғаны қалыптастыру моделін құру |
| Ф 3 | Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағдайларды жобалау |
| Ф 4 | Білім алушылардың оқу-жаттығу қызметінің моделін құру |
| Ф 5 | Білім алушылардың тұлғалық және кәсіптік әлеуетін (сапасын) ашуға арналған жағдай орнату |
| Ф 6 | Өз іс-әрекетін рефлексиялау мен түзету |
| Ф 7 | Оқыту сапасының мониторингісін өткізу |

## 4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралы | Міндеттер (еңбек әрекеттерінің сипаттамасы) |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | Себеп, қажеттіліктер, сезім (эмоциялар), қызығушылықтар, сезінулер, түйсік, қабылдау, жады, ойлау, сөйлеу, ерік, қабілеттер. Мінез. Оқушының дене, психологиялық, рухани, интеллектуалдық дамуы. | Сауалнамалар, тест тапсырмалары, сұрау парағы | М 1.1 Білім алушының тұлғалық әлеуетін диагностикалау әдістерін зерттеу. |
| | | | М 1.2 Білім алушының тұлғалық әлеуетін диагностикалауды өткізу |
| | | | М 1.3 Диагностика нәтижелерін жүзеге асыру |
| | | | М 1.4 Тұлға моделін қалыптастыруда диагностика нәтижелерін пайдалану |
| Ф 2 | Ұтқырлықты, икемділікті , кері әсерлерге қарсы тұру, ашық ақпараттық қоғам жағдайына тез бейімделетін қабілетті дамыту | Модель әзірлеу бойынша жұмыс жоспары. Рухани-адамгершілік орта. Тұлғаны қалыптастыру моделі. | М 2.1 Бейімделу, ұжым қалыптастыру, мемлекеттік тілді, көптілділікті білуге және құрметтеуге тарту, тұлғаны дене мәдениетіне тәрбиелеуге жағдай жасау. |
| | | | М 2.2 Адамның ұлттық сана-сезімін, үйлесімді дамуын қалыптастыру |
| | | | М 2.3 Білім алушыларды рухани-адамгершілік құндылықтарға тарту. |
| | | | М 2.4 Көшбасшының, өз елінің патриоттарының тұлғалық сапаларын дамыту |
| Ф 3 | Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағдайлар. Денсаулық сақтау ортасы . | Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету. Жабдықталған кабинеттер, спорт залдары, ғимараттар, спорт құралдары, инвентарь. Оқытудың техникалық құралдары. | М 3.1 Әлеуметтік қорғау, бейімделу, білім алушылар мен жаттықтырушылардың денсаулығын сақтау. |
| | | | М 3.2 Оқу-тәрбие үрдісін материалдық-техникалық қамту. |
| | | | М 3.3 Педагогикалық үрдісті әдістемелік қамту |
| | | | М 3.4 Басқару, біріге басқару және өзін-өзі басқару жүйесін әзірлеу |
| | | Оқу-жаттықтыру қызметінің мазмұны. | М 4.1 Педагогикалық қызметтің нақты мақсаты мен міндеттерін қою. Соңғы нәтижені болжау. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ф 4 | Педагогикалық үрдістің мазмұнын, педагогикалық құралдар, технологияларды және оқу-жаттықтыру қызметінің түрлері мен әдістерін, құрылымын білу; | Педагогикалық үрдістің барысы мен нәтижесін жобалау әдістемесі. Білім алушы мен жаттықтырушы қызметінің жоспары. Жаттығулар кешені, спорттық құралдар мен инвентарь. Оқу-жаттықтыру қызметін ұйымдастыру моделі. | М 4.2 Оқу ақпаратының мазмұнын болжау, оқу ақпаратының мазмұнын іріктеу және құрастыру<br>М 4.3 Нәтижеге бағытталған оқу-жаттықтыру сабақтарын, жаттығуларды модельдеу.<br>М 4.4 Дене жаттығулары кешені мен жаттықтыру жаттығуларды орындауға білім алушыларды жұмылдыру |
| Ф 5 | Білім алушының тұлғалық-кәсіби әлеуетін ашу | Ақпараттық оқу ортасы. Оқу құжаттары, электронды кітаптар, Электронды ресурстар, техникалық оқыту құралдары. Интерактивті қарым-қатынас. | М 5.1 Ақпараттық-оқыту алаңын әзірлеу<br>М 5.2 Оқу ақпаратын модульдеу<br>М 5.3 Ақпараттық–оқыту ортасын құрастыру<br>М 5.3 Интерактивті қарым-қатынас жобалау. |
| Ф 6 | Өз қызметінің рефлексиясы және түзету. Ояту, жеке мотивация, адамның сыртқы проблемасын ішкі проблемасына айналдыру | Бірлескен ізденіс тәртібі, мәселені шешу бойынша құралдар. Талдау және өзіндік талдау схемасы. Рефлексия нәтижесі. Іс-әрекет түзетулері. Президенттік және Ұлттық тест. Бақылау нормативтері, оқушылардың дене дайындығының деңгейін анықтауға арналған экспресс-тесттер. | М 6.1 Адамның өзіндік талдау, ұғыну, түйсіну қабілеттерін дамыту.<br>М 6.2 Рефлексивтелетін қызметтің тиімділігін, өнімділігін зерттеу.<br>М 6.3 Рефлексия нәтижелерін анықтау және тұжырымдау.<br>М 6.4 Педагогикалық қызметке өзгерістер енгізу. |
| Ф 7 | Оқыту сапасының мониторингісін өткізу. Іс-әрекетті бақылау, бағалау және талдау | Анкеталау, сұхбаттасу, бірлескен рефлексия. Ішкі және сыртқы бақылау. Электронды бақылау бағдарламалары. Білім алушылардың портфолиосы. Өзіндік бақылаудың күнделігі. Спорттық жарыстардың нәтижелерінің қорытындысы. | М 7.1 Жаттықтырушының мониторинг өткізуге даярлығы<br>М 7.2 Критерийлер мен көрсеткіштерді анықтау<br>М 7.3 Педагогикалық іс-әрекетті бағалау және талдау<br>М 7.4 Педагогикалық менеджменттің таңдалған әдістері, функциялары мен формаларының нәтижелілігі. Білім алушылар ата-аналар, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қоғам көзқарасындағы оқу орнының, жаттықтырушы имиджі |

## 5.5 жаттықтырушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| М 1.1 | Білім алушылардың жеке әлеуетін диагностикалауда әдістерді зерттеуді қарастыратын оқу-тәрбие үрдісін басқару қызметі. | Тұлғаның жеке сапаларын зерттеуде тиімді диагностикалау әдістерін таңдап алу. Спорттағы жеке тұлғалық сапаларын, дене, психикалық дамуын, техникалық-тактикалық жоғары деңгейдегі дайындығын зерттеу. Білім алушылардың жеке картасын жүргізу. Әр түрлі сапаларын дамыту. | Білім алушылардың жеке тұлғалық сапалары. Диагностика жүргізудің құралдары мен әдісі. Білім алушылардың жас ерекшелік, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктері, дене дайындығы. Білім алушылардың жеке картасын жасау технологиясы. Зерттеу жүргізудің формалары мен әдістері. |
| М 2.1 | Бейімдеу, ұжымды қалыптастыру, мемлекеттік тілді білуге және құрметтеуге, көптілділікке баулуды, жеке тұлғаның дене тәрбиесіне тәрбиелеуді қарастыратын тәрбие үрдісі аясындағы басқару қызметі. | Өзге адамдармен сенімді ахуал орнату. Ұжым құру . Оқу-тәрбие үрдісінің барлық субъектілерімен өзара қарым-қатынаста педагогикалық такт көрсету, педагогикалық этикетті сақтау. Жаттығу сабақтарында, жиын, жарыстарда өз білім алушылармен тұрақты қарым-қатынаста болу. | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Педагогикалық такт, педагогикалық этикет. Білім алушы моделі: тұлғалық сапасы мен білік тізімі, оқудағы жетістіктері мен қоғаммен қарым-қатынасы. |
| М 3.1 | Әлеуметтік қорғау, бейімдеу, білім алушылар мен жаттықтырушылардың денсаулығын сақтауды қарастыратын педагогикалық үрдіс аясындағы басқару қызметі. | Салауатты өмір салтын ұстану. Оқу-жаттықтыру үрдісінің толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Тәрбиеленушілерде спортпен шұғылдануға қызығушылық қалыптастыру. Медициналық қызмет көрсету. Қауіпсіздік техникалық ережелерін, санитарлық-гигиеналық нормалар, спорттық ғимараттарды безендірудегі эстетикалық талаптарды сақтау. | Педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшеліктері. Салауатты өмір салтын насихаттау. Гигиена. Валеология. Емдік дене шынықтыру. Профилактикалық жаттығулар. Денсаулық сақтаушы орта құру. Бөлмедегі санитарлық-гигиеналық талаптар. Нормативті құжаттар. |
| | | Дене тәрбиесін қалыптастыру, тұлғаны | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 4.1 | Педагогикалық қызметтің мақсаты мен міндеттерін анықтау, педагогикалық қызмет пен оның нәтижесін болжау аясындағы басқару қызметі. | үйлесімді дамыту. Соңғы нәтижені болжау. Оқушыларды қоғамда белсенді өнімді өмір сүруге даярлау. Дене тәрбиесінің сауықтыру, білімберушілік, тәрбиелік міндеттерін анықтау. Оқу-жаттықтыру қызметінің күтілетін нәтижесін жоспарлау және болжау. | Педагогикалық қызметті ұйымдастыру бойынша тәжірибеге бағдарланған кәсіби білім. Оқу-жаттықтыру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру |
| М 5.1 | Ақпараттық оқыту ортасын құрастыруды қарастыратын оқу үрдісі аясындағы басқару қызметі. | Оқыту алаңындағы жұмыстың әдіс-тәсілдерін меңгеру. Инновациялық және Интернет технологияларын қолдану. Өзара бірлескен қызметте өзара түсінушілік, өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету. Спортшыларға спорттық қызмет техникасы мен тактты меңгерту. | Оқу-жаттықтыру қызметін ұйымдастырудың құрылымы, түрі, әдіс-тәсілдері, әдістемесі. Педагогикалық өзара қарым-қатынас. Білім алушылардың әр түрлі контингентінің ерекшелігі. Спорттық қызметтің техникасы мен тактикасының жіктелуі. |
| М 6.1 | Өз қызметін жоспарлау, қоршаған ортамен пәндік-әлеуметтік қарым-қатынасын өзіндік талдау, ұғыну, түйсінуді қарастыратын оқу үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Қызметті қалыптастыру әдістері мен тәсілдерін меңгеру. Белгілі бір сапалары мен қабілеттерінің көрінуі, сыртқы проблеманың ішкі проблемаға ауысуы. | Рефлексияны ұйымдастыру кезеңдері. Рефлексия-субъектінің ішкі психикалық актілері мен жағдайын өзін-өзі тану үрдісі. |
| М 7.1 | Жаттықтырушының мониторинг өткізуге даярлығының деңгейін қарастыратын оқу-жаттықтыру қызметі аясындағы басқару қызметі. | Білім сапасы мен педагогикалық талдауға диагностика жүргізу әдістерін меңгеру. | Педагогикалық диагностиканың теориясы мен технологиясы, мониторинг жүргізу. |

## 5.4 жаттықтырушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 1.2 | Білім алушылардың жеке потенциалын диагностикалауда зерттеуді үйренуді қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі аясындағы басқару қызметі. | Жеке тұлғаны зерттеуде нақты психологиялық-педагогикалық әдістемелер қолдану. Жаттықтыру және жарыстар барысындағы үрдісте білім алушыларды зерттеу. | Диагностика жүргізу әдістемесі. Білім алушылардың дамуының жеке траекториясы. Білім алушылардың белсенділігін зерттеуді диагностикалық қамтамасыз ету. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 2.2 | Адамның ұлттық санасын , үйлесімді дамуын қалыптастыруды қарастыратын тәрбие үрдісі аясындағы басқару қызметі. | Сыни ойлауды қалыптастыру, көшбасшылық сапаларды , қарым-қатынас, төзімділікті, креативтілікті, жинақылықты қалыптастыру. Түрлі спорттық шараларды ұйымдастыру және өткізу . | Адами құндылықтар. Спорттық шараларды ұйымдастыру. Тәрбие жұмысының әдістемесі. |
| М 3.2 | Педагогикалық үрдістегі материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қарастыратын педагогикалық үрдіс аясындағы басқару қызметі. | Оқу-әдістемелік кешеннің, басқа да оқытудың дидактикалық, техникалық құралдарының, спорттық құрал-жабдықтар мен инвентарьдың сәйкес болуы. Тренажер, спорт залдары мен сырғанау мұз айдынының, бассейннің, теннис корты мен спорт алаңдарының гигиеналық талаптарға сай болуын бақылау. Техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқау беру, өткізу. Әлемдік және отандық спорт түрлерінің даму тенденцияларын және жаңа медициналық-биологиялық, фармакологиялық әдістерді қолдану. Спорттық құралдарды жөндеу мен қайта сатып алуды жоспарлай білу. | Жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістер мен отандық және шетелдің спорт түрлерінің даму тенденциялары. Техникалық қауіпсіздік ережелері, санитарлық-гигиеналық нормалар. Өрт қауіпсіздігі. Санитарлық ережелер мен спорт құралдары мен инвентарды эксплуатациялау бойынша нормалар. Қауіпсіздік техникасы бойынша хаттамалармен, санитарлық ережелер мен спорт құралдары мен инвентарды эксплуатациялау бойынша нормалармен танысу. Жаттықтырушының тұрмыстық-ұйымдастырушылық қызметі. |
| М 4.2 | Оқу ақпаратының мазмұнының жобалау және оқу материалының мазмұнын құрастыру мен іріктеуді қарастыратын педагогикалық үрдіс аясындағы басқару қызметі. | ОӘК мазмұнын, арнайы жаттығуларды, спорттық ғимараттарды таңдау, жаттығулар кешенін өңдеу. Өз әрекетінің және білім алушылар әрекеттерінің бірізділігін құра білу. Оқу материалын композициялық таңдау мен құра білу. | Нормативтік құжаттар. Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар. Білім мазмұны, педагогикалық құралдар, технологиялар. Дене тәрбиесінің теориясы, спорт құралдары мен жабдықталған залдардағы, снарядтардағы сабақтар. Жаттығулар кешеніне қойылатын талаптар. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 5.2 | Оқу ақпаратын модульдеуді қарастыратын оқу-жаттықтыру қызметі аясындағы басқару қызметі. | Оқу ақпаратының көздерін таңдау. Талдау, логикалық құрылымдау тәсілдерін меңгеру және оқу ақпаратын жүйелеу. ОӘК мазмұнын, арнайы жаттығуларды, құралдарды, спорттық ғимараттарды таңдау. | Оқыту үрдісінің психологиялық мәні. Оқыту үрдісінің педагогикалық заңдылықтары. Дене тәрбиесінің теориясы мен спорт құралдары мен снарядтардағы сабақтар. Оқу ақпараты көздерін таңдау. |
| М 6.2 | Әрекет ауысуын, ойлау әрекетінен дене әрекетіне көшу, қызметтің тиімді тәсілдерін таңдау. Орындалған әрекеттердің тізбектілігін қалпына келтіру. | Бірлескен ізденіс тәртіптемесін ұйымдастыру. Білім алушыларды мақсатын анықтау, мақсат қоя білу мен өз білімін жетілдіруге, жеке мотивацияға, оянуға үйрету. | Рефлексия – қызмет тәсілдерін сезіну, оқытудың білім беру мәнін ұғыну. |
| М 7.2 | Критерийлер мен көрсеткіштерді анықтауды қарастыратын оқу-жаттықтыру қызметі аясындағы басқару қызметі | Бақылаудың түрлі формаларын өткізу: жеке, топтық, фронтальды, аралас, және білім алушылардың өзін-өзі бақылауы. Дене дайындықтарын тестілеу. Өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізу. | Педагогикалық диагностиканың теориясы мен әдістемесі, оқыту, дамыту сапасының мониторингісін өткізу. Бақылау формалары Жаттықтырушының эксперттік-кеңесберушілік қызметтері |

## 5.3 жаттықтырушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 1.3 | Диагностика нәтижелерін жүзеге асыруды қарастыратын оқу-жаттықтыру қызметі аясындағы басқару қызметі | Оқу-жаттықтыру сабақтарын жоспарлауда диагностика нәтижелерін қолдану | Диагностика нәтижелерін қолдану бойынша тәжірибеге-бағдарланған, кәсіби білімдер. Оқу-жаттықтыру сабақтарын ұйымдастыру әдістемесі. |
| М 2.3 | Білім алушыларды рухани-адамгершілік құндылықтарға баулуды қарастыратын тәрбие үрдісінің аясындағы басқару қызметі. | Рухани-адамгершілік, сауықтыру ортасы құру. Рухани-адамгершілік құндылықтар, интелект, ата-аналармен, қоршаған ортамен қарым-қатынаста танымдық белсенділікті қалыптастыру тәсілдерін меңгеру. Оқу-жаттықтыру және жарыс үрдісіндегі | Адамгершілік тәрбие. Этнопедагогика. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | адамдардың кең ауқымды байланысқа түсуге даярлау. | Қарым-қатынас мәдениеті |
| М 3.3 | Педагогикалық үрдісті әдістемелік қамтамасыз етуді қарастыратын педагогикалық үрдіс аясындағы басқару қызметі. | Әдістемелік шараларға қатысу. Шығармашылық топтарды, әдістемелік бірлестіктерге жетекшілік жасау, озат тәжірибені жинақтау. Авторлық бағдарламаны, ОӘК-ді өңдеу және апробациясы. Қазіргі заманғы спорт ғылымының жетістіктерін пайдалану. | Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру кезеңдері: өңдеу, даярлау, өткізу, талдау. ОӘК құруға және қолдануға қойылатын әдістемелік талаптар. Инновациялық технологиялар. Қазіргі заманғы спорт ғылымының жетістіктері. |
| М 4.3 | Нәтижеге бағдарланған оқу-жаттықтыру сабақтарын, жаттығуларды модельдеуді қарастыратын оқу үрдісінің аясындағы басқару қызметі. | Жылдық және ағымдық даярлау жоспарына сәйкес құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған сабақ жоспарларын және конспектілерді құру. Сабаққа даярлану барысында оқу материалын жоспарлай білу, жаттықтыруларда өз әрекетінің жүйесін жоспарлай білу, оқытудағы қиындықтарды алдын-ала көре білу және олардың алдын алу. Білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, жеке жоспар-кесте құру. Құралдарды сабаққа даярлау. Сабақтарды және оқу-жаттықтыру сабақтарын, спорттық шараларды өткізу. | Оқу-жаттықтыру сабақтарына қойылатын қазіргі талаптар. Оқыту әдістерінің, техникалық-тактикалық тәсілдерінің жіктелуі. Оқытудың инновациялық технологиялары. Жылдық, ағымдық жоспардың құрылымы, даярлықтың жеке жоспар-кестесі. Жаттықтырушының конструктивті іскерлігі. |
| М 5.3 | Ақпараттық – оқыту ортасын құрастыруды қарастыратын оқу үрдісінің аясындағы басқару қызметі | Оқу ақпаратын іздеу, талдау және қайта өңдеу тәсілдерін меңгеру. Білім алушылардың денсаулығын нығайтуға және алдын алуға бағытталған жаттығулар кешенін құрастыру. Ақпараттық-оқыту ортасын құрастыру, күтілетін нәтижені болжау білігі. | Қазіргі ақпараттық қорлар. Оқу мақсатындағы бағдарламалық құралдардың түрлері. Ақпаратты жинау, талдау және жүйелеу әдістері. Алдын – алу жаттығуларының кешені |

| | | | |
|---|---|---|---|
| M 6.3 | Рефлексия нәтижесін тұжырымдау және проблеманы анықтау, шешу тәсілдерін игеру | Алдағы жұмыстың мақсатын анықтау, алынған нәтижені тұжырымдау. | Рефлексия нәтижесі, алдағы жұмыстың мақсатын анықтау. |
| M 7.3 | Педагогикалық қызметті талдау мен бағалауды қарастыратын педагогикалық үрдіс аясындағы басқару қызметі. | Оқу материалын меңгерудегі білім алушының іс-әрекетін талдау және бағалау. Білім алушылардың Президенттік және Ұлттық тест, бақылау нормативтері, денелік даярлығының деңгейін анықтау бойынша экспресс-тесттер нәтижелеріне жауапкершілік. Жаттықтырушының спорттық, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативті қызмет түрлерін кәсіби жүзеге асыруы. | Білім сапасын бағалаудың көрсеткіштері мен критерийлері. Оқыту үрдісінің нәтижелерін талдаудың педагогикалық технологиясы. |

## 5.2 жаттықтырушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

| | | | |
|---|---|---|---|
| M 1.4 | Жеке тұлғаны қалыптастыру моделіне диагностика нәтижелерін қолдануды қарастыратын оқу-жаттықтыру қызметі аясындағы басқару қызметі. | Диагностика нәтижелерін білім алушылардың дене, моральдық-ерік жігер, техникалық, спорт дайындығы деңгейін анықтауға қолдану. | Педагогикалық қызметті ұйымдастыру үшін практикаға бағдарланған кәсіби білімдер. Жеке ерекшеліктерді ескеру, іс - қимылдардың тәсілдерін таңдау. Спортшының дамуының жеке траекториясы және оның жеке парағы. |
| M 2.4 | Өз елінің патриоты, көшбасшының ерік, тұлғалық сапаларын дамытуды қарастыратын тәрбие үрдісі аясындағы басқару қызметі. | Сыни ойлауды қалыптастыру, көшбасшылық сапаларды , қарым-қатынас, төзімділікті, креативтілікті, жинақылықты дамыту. Спортшының тұлғалық адамгершілік, еріктік, интелект, танымдық қызығушылығын қалыптастырудың тәсілдерін меңгеру | Рухани-адамгершілік тәрбие. Патриоттық тәрбие. Өзін-өзі тану. Рухани мұра. Тәрбие жұмысының әдістемесі. Білім алушылардың адамгершілік-еріктік сапалары. |
| | | Білім алушыларға өз жетістіктері мен кемшіліктерін ұғынуға | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 3.4 | Басқару, бірлескен басқару және өзін-өзі басқару жүйесін өзбетімен құруды қарастыратын педагогикалық үрдіс аясындағы басқару қызметі. | көмек көрсету. Өз іс-әрекетін, білім алушылардың жұмыс нәтижелерін бағалау. Білім алушылардың жетістіктері мен прогресіне қатысты тұрақты, конструктивті кері байланыс орнатуды қамтамасыз ету. Спортшылардың психологиялық ерекшеліктерін, олардың күшті және әлсіз жақтарын зерттеу. Жарыс кезінде спортсмендерді басқару. | Өзіндік дамудың критерийлері мен механизмдері. Басқару, бірлесіп басқару , өлшеу, нәтижелерді бақылау және бағалау. Жаттықтырушының секунданттық қызметі. |
| М 4.4 | Білім алушыларды дене жаттығуларының кешенін, жаттықтыру жаттығуларын орындауға жұмылдыруды қарастыратын оқу процесі шеңберіндегі іс-әрекеттік қызметі. | Құзыреттілікке бағытталған жаттығулар кешенін орындау тәсілдерін меңгеру. Білім алушылардың әрекетін және тәртібін реттеу. Арнайы жаттығулар, құралдар, спорттық ғимараттарды таңдау. Дене жаттығуларының жүктеме мөлшерлеу. Жаттығулар кешенін әзірлеу. | Оқыту әдістерінің, техникалық-тактикалық тәсілдерінің жіктелуі. Жаттығулар кешенін құруға қойылатын талаптар. |
| М 5.4 | Интерактивтік қарым-қатынасты жобалауды қарастыратын оқу процесі шеңберіндегі іс-әрекеттік қызметі. | Педагогикалық әрекеттерді орындау. Интерактивті өзара әрекетті жобалау. Пәнді оқыту әдістемесін өзбетмен әзірлеу. Интерактивті оқыту формалары мен әдістерін қолдану. Жаттығу және жарыс барысында өзара топтық әрекетті ұйымдастыру. | Қазіргі ақпараттық қорлар. Оқу мақсатындағы бағдарламалық құралдарының түрлері. Ақпаратты жинау, талдау және жүйелеу әдістері. Өзара топтық әрекет. |
| М 6.4 | Жағдаятты қадағалау және бағалау, өз мақсаттарына түзетулер енгізу. | Кейінгі әрекеттеріне өзгерістер енгізу. Өткізілген зерттеулердің нәтижелерін талдау іскерлігі, оқушылардың дене дамуы әдістемесіне түзетулер енгізу. Спортшылардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын көңіл-күйін сәйкесті | Кейінгі әрекеттерін түзету. Кәсіби тәуекел |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бағалау іскерлігі, оларды оқытудағы қателіктердің себептерін табу. | және жаттықтырушының гностикалық іскерлігі. |
| М 7.4 | Педагогикалық менеджмент функциялары, формалары мен таңдалған әдістердің нәтижелілігін өзбетті талдауды қарастыратын оқу үрдісі аясындағы басқару қызметі. | Жаттықтыру сабақтарына және спортшылардың жарысқа қатысуына талдау жасай білу. Педагогикалық жағдаяттар мен өз іс-әрекетінің нәтижесін талдау. Білім алушылар, ата-аналар арасында тәуелсіз сауалнама, сұрауларды өткізу. Оқу жылының басында және аяғында оқу-жаттықтыру қызметін өзіндік бақылау мен өзіндік бағалау жағдайын қадағалау. Тұлғалық шығармашылық өсуді, рефлексивті әрекетті анықтау. | Жаттықтырушының шығармашылық-зерттеу шілік іскерлігі. Педагогикалық менеджмент әдістері мен қызмет формалары. Білімді бағалаудың қазіргі заманғы әдістері мен техникалық құралдары. Білім беру мекемесінің, жаттықтырушының имиджін анықтау критерийлері. Рейтинг картасы. |

5. Кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

6. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

Орал гуманитарлық-техникалық колледжі

7. Келісім парағы

| Мекеме атауы | Келісім мерзімі |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі | |
| № 2 "Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" | |
| Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі | |
| Орал қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі | |

8. Кәсіби стандартты сараптау және тіркеу

Кәсіби стандарт тіркелді ____________________________________

Кәсіби стандарттар Реестріне енгізілді, тіркеу № _____________

Хат (хаттама) № __________________ Мерзімі __________________

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі міндетін
атқарушының 2013 жылғы 13
қыркүйектегі
№ 373 бұйрығымен бекітілді

**"Негізгі орта білім" мамандығы бойынша**
**техникалық және кәсіптік білім беру кәсіби стандарт**
**1. Жалпы ережелер**

1.Кәсіби стандарт:

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге арналған.

2.Кәсіби стандарт негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері;

2) облыстық білім басқармасының, қалалық, аудандық білім бөлімдерінің, білім жетілдіру орталығы, білім мекемелерінің басшылары, мекеме персоналын басқару құрылымдарының басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлеуші мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттар негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулар, профессиограмма, білім саласындағы ұйымдардың корпоративтік стандарттары, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары әзірленеді.

4. Осы кәсіби стандартты төмендегі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек функцияларының стандартты еместігі, жауапкершілігі мен өзбетінділігі параметрлерімен жіктелетін жұмысшылардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар жиыны;

3) еңбек заттары – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында жұмысшының әрекеттері бағытталған заттар;

4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде жұмысшының қолданатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үрдісінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысқан әрекеттер жиыны;

7) кәсіби қызметтің саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарт – кәсіби іс-әрекеттің накты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) кәсіби стандарт бірлігі – кәсіби стандарттың еңбек қызметінің нақты түрі бойынша маңызды, қатысымды дербес, аяқталған, бүтін нақты еңбек функциясының толық сипаттамасының құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы теориялық білім мен арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын практикалық білік, жұмыс тәжірибесі кешенін меңгеруді қажет ететін еңбек қызметі түрі;

11) құзыреттілік – білім, білік және тәжірибені еңбек қызметінде пайдалану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушы-әкімшілік иерархия жүйесіндегі функционалды орын;

13) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асырумен және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ мекемелер мен ұйымдардың жиыны;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығындағы танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

5. Бұл кәсіптік стандартта келесі қысқартулар қолданылады:

КҚ – кәсіби қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

БТБА – ҚР жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтағышы;

ҚР МКЖ - 01-2005- Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші;

ҮБС – педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары;

КДДБББ -кәсіптік даярлығының деңгейін бағалау және мамандығы бойынша біліктілікті беру;

М - міндеттер;

Қ – қызметтер.

## 2. Кәсіби стандарт паспорты

6. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): Негізгі орта білім.

7. Экономикалық қызметтің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: адамның тұлғалық және кәсіби әлеуетінің ашылуына жағдай жасау.

Кәсіби стандарт "Негізгі орта білім" кәсіби облысындағы білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігі мен құзыреттілігі, еңбек шарты, сапасы, мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейді.

8. Еңбек қызметі, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері осы кәсіби стандарттың 1-қосымшасында берілген.

## 3. Еңбек қызмет түрлерінің карточкалары(кәсіп)

Кәсіп атауы: мұғалім.

9. ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі -5.

10.Лауазымның мүмкін атаулары: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, ұйғыр тілі мен әдебиеті мұғалімі, өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімі, өзін-өзі тану мұғалімі, математика мұғалімі, физика мұғалімі, шетел тілі мұғалімі, информатика мұғалімі, музыка мұғалімі, бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімі, технология пәні мұғалімі.

11. Негізгі орта білімнің барлық аталған кәсіптері субъектілерді құзыретті тұлғаның рухани, интеллектуалдық және дене мүмкіндіктерін ашуға, денсаулық сақтау, ақпараттық-оқыту ортасын әзірлеуге, өз білімін жетілдіруі мен өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға міндеттейді.

Педагог жоспарлау құжаттарын, оқу-әдістемелік кешен, көрнекі құралдар әзірлеу, мектеп, оқушы мен мұғалім құжаттарын рәсімдеу, техникалық оқыту құралдары мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тағы басқалары оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырушылық, техникалық және әдістемелік жағдайларын туғызады.

Оқу орнының ата-аналармен қарым-қатынасына, қарым-қатынасына, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, қазақстандық патриоттық тәрбие беруге, креативті ойлауды дамыту мәселелеріне, әдістемелік, педагогикалық және басқарушылық кәсіпқойлыққа, тұлғалық-кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

12. Мұғалімнің еңбек шарттары, білімі және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

13. Кәсіптің еңбек функциялары тізімі осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

14. Кәсіби стандарттың бірліктері мен мұғалімнің орындайтын еңбек функцияларын сипаттайтын функциональдық карта осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

15. Мұғалімнің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

Негізгі орта білім
кәсіби стандартына
1-қосымша

## Қызмет түрлері, кәсіптер,біліктілік деңгейлері

| № р/с | Қызмет түрі атауы | Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы | ҚР МЖ 01-2005 сай кәсіптер атауы | ҰБШ біліктілік деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Педагогикалық қызмет | Санат жоқ мұғалім ( 5.5) | Мұғалім ( математика, орыс тілі мен әдебиеті және басқа пәндер) | 5 |
| 2. | | Екінші санатты мұғалім (5.4) | | 5 |
| 3. | | Бірінші санатты мұғалім (5.3) | | 5 |
| 4. | | Жоғарғы санатты мұғалім (5.2) | | 5 |

Негізгі орта білім
кәсіби стандартына
2-қосымша

## 1.Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (ҚР МКЖ) | | | | |
| Базалық топ | 2320 Орта мектеп мұғалімдері | | | |
| Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (ҮБС) | | | | |
| ҰБШ сәйкес біліктілік деңгейі | Санаттар | | | |
| 5 | жоғарғы | бірінші | екінші | санаты жоқ |

## 2. Еңбек шарттары, білімі және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым) | Меншік нысандарына қарамастан білім беру мекемелерінің барлық түрлері (негізгі орта мектептер, лицейлер,гимназиялар). |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Тұрақты жұмыс кестесі, мөлшерлі жұмыс күні 18 сағат, 1,5 жүктемеге дейін рұқсат етіледі. |
| | |

| | | |
|---|---|---|
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | ҚР заңнамаларына сай (мұғалім дипломы, СТБ сертификаты, дәрігерлік кітапшасының болуы). | |
| ҰБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 5 | Санаты жоқ орта буын маманы: техникалық және кәсіптік, ( арнаулы орта, кәсіптік орта) білім | - |
| 5 | Екінші санатты орта буын маманы : техникалық және кәсіптік, ( арнаулы орта, кәсіптік орта) білім | 3 жылдан кем емес |
| 5 | Бірінші санатты орта буын маманы: техникалық және кәсіптік , (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім | 4 жылдан кем емес |
| 5 | Жоғары санатты орта буын маманы: техникалық және кәсіптік , (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім | 5 жылдан кем емес |

## 3-кесте.Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі ( кәсіптер еңбек функциялары)

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек қызметінің атауы (кәсіби стандартының бірліктері) |
|---|---|
| Ф 1 | Оқушылардың тұлғалық әлеуетін диагностикалау. |
| Ф 2 | Тұлғаны қалыптастыру моделін әзірлеу |
| Ф 3 | Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағдайларды жобалау |
| Ф 4 | Оқушылардың оқу қызметінің моделін әзірлеу |
| Ф 5 | Оқушылардың тұлғалық және кәсіптік әлеуетін ( сапасын) ашуға арналған жағдай орнату |
| Ф 6 | Өзіндік іс–әрекетті түзету және рефлексиялау |
| Ф 7 | Оқыту сапасының мониторингін өткізу |

## 4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы(функционалдық карта)

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралы | Міндеттер (еңбек әрекеттерінің сипаттамасы) |
|---|---|---|---|
| Ф 1 | Себеп, қажеттіліктер, сезім (эмоциялар), қызығушылықтар. Сезінулер, қабылдау, жады, ойлау, сөйлеу, ерік , қабілеттер. Мінез. | Сауалнамалар, тест тапсырмалары, сұрау парағы | М 1.1 Оқушының тұлғалық әлеуетін диагностикалау әдістерін зерттеу. |
| | | | М 1.2 Оқушының тұлғалық әлеуетін диагностикалауды өткізу |
| | | | М 1.3 Диагностика нәтижелерін жүзеге асыру |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Оқушының дене, психологиялық, рухани, интеллектуалдық дамуы. | | М 1.4 Тұлға моделін қалыптастыруда диагностика нәтижелерін пайдалану |
| Ф 2 | Ұтқырлықты, икемділікті, кері әсерлерге қарсы тұру, ашық ақпараттық қоғам жағдайына тез бейімделуді дамыту. | Модель әзірлеу бойынша жұмыс жоспары. Рухани-адамгершілік орта. Тұлғаны қалыптастыру моделі. | М 2.1 Бейімделуге жағдай жасау, ұжым қалыптастыру, білімге, мемлекеттік тілді құрметтеуге, көптілділікке тарту, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. |
| | | | М 2.2 Ұлттық сана-сезім қалыптастыру, эстетикалық қызығушылығы мен көркем талғамын дамыту |
| | | | М 2.3 - Оқушыларды рухани-адамгершілік құндылықтарға тарту. |
| | | | М 2.4- Көшбасшының, өз елінің патриоттарының тұлғалық сапаларын дамыту |
| Ф 3 | Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағдайлар. Денсаулық сақтау ортасы. | Оқу-әдістемелік қамту. Оқытудың техникалық құралдары. Жабдықталған мультимедиялық кабинеттер, лабораториялар, спорт залдар. Кітапхана, электронды оқу залы. | М 3.1 Әлеуметтік қорғау, бейімделу, оқушылар мен педагогтардың денсаулығын сақтау. |
| | | | М 3.2 Оқу-тәрбие үрдісін материалдық-техникалық қамту. |
| | | | М 3.3 Педагогикалық үрдісті әдістемелік қамту |
| | | | М 3.4 Басқару, біріге басқару және өзін-өзі басқару жүйесін әзірлеу |
| Ф 4 | Педагогикалық үрдістің мазмұнын, педагогикалық құралдарды, технологияларды, педагогикалық қызметті ұйымдастырудың құрылымын, түрлері мен тәсілдерін білу | Педагогикалық қызметтің мазмұны. Педагогикалық үрдістің барысын және нәтижесін болжау әдістемесі. Оқушы мен мұғалім қызметінің жоспары. Педагогикалық қызметті ұйымдастыру моделі. | М 4.1 Педагогикалық қызметтің нақты мақсаты мен міндеттерін қою. Соңғы нәтижені болжау. |
| | | | М 4.2 Оқу ақпаратының мазмұнын болжау, оқу материалының мазмұнын іріктеу және құрастыру |
| | | | М 4.3 Нәтижеге бағытталған сабақтарды, сыныптан тыс шараларды моделдеу. |
| | | | М 4.3 Шығармашылық тапсырмалар, жаттығулар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | , жобалар. орындауға оқушыларды жұмылдыру |
| Ф 5 | Оқушының тұлғалық-кәсіптік әлеуетін (сапасы) ашу | Ақпараттық-оқыту ортасы. Оқу құжаттары, электрондық оқулықтар. Электрондық қорлар, Техникалық оқыту құралдары.Интерактивтік қарым-қатынас. | М 5.1 Ақпараттық-оқыту ортасын әзірлеу |
| | | | М 5.2 Оқу ақпаратын модульдеу |
| | | | М 5.3 Ақпараттық-оқыту алаңын құрастыру |
| | | | М 5.3 Интерактивті қарым-қатынас жобалау. |
| Ф 6 | Өз қызметінің рефлексиясы және түзету . Ояту, жеке мотивация, адамның сыртқы проблемасын ішкі проблемасына айналдыру | Өзара бірлескен іздеу режимі. Талдау мен өзіндік талдау сызбасы. Рефлексия нәтижелері. Қызметті түзету. | М 6.1 Адамның өзіндік талдау, ұғыну, түйсіну қабілеттерін дамыту. |
| | | | М 6.2 Рефлексивтелетін қызметтің тиімділігін, өнімділігін зерттеу. |
| | | | М 6.3 Рефлексия нәтижелерін анықтау және тұжырымдау. |
| | | | М 6.4 Педагогикалық қызметке өзгерістер енгізу. |
| Ф 7 | Оқу сапасының мониторингін өткізу. Қызметті бақылау, бағалау, талдау. | Сауалнама жүргізу, бірлескен рефлексия. Ішкі және сыртқы бақылау. Электрондық бақылаушы бағдарламалар. рефлексия. Білім алушының портфолиосы. | М 7.1 Мұғалімнің мониторинг жүргізуге дайындығы. |
| | | | М 7.2 Критерийлер мен көрсеткіштерді анықтау |
| | | | М 7.3 Педагогикалық қызметті талдау және бағалау |
| | | | М 7.4 Педагогикалық менеджменттің таңдалған әдістері, функциялары мен формаларының нәтижелілігі. Оқушылар, ата-аналар, қоғам көзқарасындағы оқу орнының, мұғалімнің имиджі. |

## 5.5 мұғалімнің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| М 1.1 | Оқушылардың тұлғалық сапаларын диагностикалау әдістерін басшылықпен зерттеуді | Тұлғалық сапаларды зерттеуде | Оқушылардың тұлғалық сапалары. Диагностиканы өткізу құралдары мен әдістемесі . Оқушылардың жас және жеке ерекшеліктері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қарастыратын оқу-тәрбие үрдісіндегі басқару қызметі. | диагностиканың тиімді әдістерін таңдау. | Зерттеу өткізу әдістері мен формалары. |
| М 2.1 | Бейімделуге, оқушылар ұжымын қалыптастыруға, мемлекеттік тілді білуге және құрметтеуге, көптілділікке, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге жағдай жасауды қарастыратын тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы басқару қызметі. | Басқа адамдармен қарым – қатынаста сенімділік ахуалын құру. Білім алушылардың әлеуметтік картасын құрастыру. Оқушылар ұжымын құру. Оқушыларды көптілділікке оқытуда тиімді жеке үйлесімділікті қамтамасыз ету. | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқушылардың әлеуметтік картасы. Оқушы моделі: шеберлік тізімі, және тұлғалық сапалар, оқудағы жетістіктер, қоғаммен өзара әрекеттесу. Мінез-құлық мәдениеті. |
| М 3.1 | Әлеуметтік қорғауды, бейімделуді, оқушылар мен педагогтардың денсаулығын сақтауды қарастыратын педагогикалық үрдістегі басқару қызметі. | Жетім, әлеуметтік деңгейі төмен отбасы балаларына материалдық көмек көрсету. Оқушыларды тамақтандыру, дәрігерлік көмекпен қамтамасыз ету. Салауатты өмір салтын сақтау. ТҚ ережелерін, санитарлық-гигиеналық нормаларды, безендіруге қойылатын эстетикалық талаптарды сақтау. Оқушылардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру | Педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың ерекшеліктері. Денсаулықты сақтау ортасын құрастыру. Ғимаратқа қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар. Нормативтік құжаттар. |
| М 4.1 | Педагогикалық қызметтің нақты мақсаты мен міндеттерін қоюды ұйымдастыру, оның нәтижесін болжау шеңберіндегі басқару қызметі. | Оқыту мен дамытудың мақсаттарын анықтау арқылы стандартты және қарапайым біртектес практикалық тапсырмаларды шешу. Мақсат пен міндеттерді тұжырымдау. Соңғы нәтижені болжау. Педагогикалық қызметтің күтілетін нәтижесін болжау. | Педагогикалық қызметті ұйымдастыру бойынша тәжірибелік-бағдарланған, кәсіби білім. Оқу қызметін жоспарлау және ұйымдастыру. Оқыту және дамыту және басқада үрдісті ұйымдастыру түрлері, тәсілдері мен құрылымы. |
| М 5.1 | Ақпараттық–оқыту ортасын әзірлеуді қарастыратын оқу үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Оқу ақпаратын болжау тәсілдерін меңгеру. Педагогикалық мақсатқа жету үшін оқу ақпараты мазмұнын іріктеу, ойлауды дамыту. Өз әрекеті мен оқушы әрекетінің тізбектілігін құру білігі. | Педагогикалық қызметті ұйымдастыру құрылымы, түрі, тәсілдері. Білім алушылардың әртүрлі контингентінің ерекшеліктері. Игеру үрдісіндегі оң мотивацияны ынталандыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Электрондық-оқыту ортасында жұмыс жасау тәсілдерін меңгеру. | Педагогикалық қарым-қатынас. Пәндерді оқыту әдістемесі. |
| М 6.1 | Өз қызметін жоспарлау, қоршаған ортамен пәндік-әлеуметтік қарым-қатынасын өзіндік талдау, ұғыну, түйсінуді қарастыратын оқу үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Қызмет тәсілдерін қалыптастыруды меңгеру . Сыртқы мәселелерді ішкі мәселеге ауыстыру, нақты сапалар мен қабілеттерін айқындау. | Рефлексия ұйымдастыру кезеңдері. Рефлексия-субъектінің ішкі психикалық актілері мен күйлерін сезіну үрдісі. |
| М 7.1 | Мониторинг өткізуге мұғалімнің дайындық деңгейін қарастыратын педагогикалық үрдіс шеңберіндегі басқару қызметі. | Білім сапасын диагностикалау, педагогикалық талдау тәсілдерін меңгеру. | Педагогикалық диагностика теориясы, әдістемесі мен технологиясы, мониторинг өткізу. |

## 5.4 мұғалімнің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

| | | | |
|---|---|---|---|
| М 1.2 | Оқушының тұлғалық әлеуетін диагностикалауды өткізуді қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Ұжым мен тұлғаны психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың нақты әдістемесін қолдану. | Оқушының дамуының жеке траекториясы. Оқушының белсенділігін зерттеуді гностикалық қамту. |
| М 2.2 | Ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, көркем талғамы мен эстетикалық қызығушылығын дамытуды қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Сыни ойлауды қалыптастыру, көшбасшылық сапаларды , қарым-қатынас, төзімділікті, креативтілікті, жинақылықты қалыптастыру. Тәрбие шараларын ұйымдастыру мен өткізу. | Жалпыадамзаттық құндылықтар. Тәрбие жұмысының әдістемесі. Тәрбие және сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру. |
| М 3.2 | Оқу-тәрбие үрдісін материалдық-техникалық қамтуды қарастыратын оқу-тәрбие үрдісі шеңберіндегі басқару қызметі. | Оқу-әдістемелік кешеннің, картотеканың, дидактикалық, оқытудың техникалық және басқа да құралдарының болуы мен білім стандарты талаптарына, кабинеттің бейініне сәйкестігі. | Оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері. Қауіпсіздік ережелері, санитарлық-гигиеналық нормалар. Өрт қауіпсіздігі. |
| | Оқу ақпаратының мазмұнын болжау, оқу ақпаратының мазмұнын | Оқу ақпаратын болжау тәсілдерін меңгеру. Педагогикалық мақсатқа жету үшін оқу ақпаратының мазмұнын іріктеу, ойлауды дамыту. Оқу материалын таңдау. Оқушы әрекеті мен өз | Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар. Педагогикалық қызметті ұйымдастыру бойынша практикалық бағытталған , кәсіптік білімі. Оқушы |

| | | | |
|---|---|---|---|
